

2012 жылға арналған Нұра ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2 сессиясының 2012 жылғы 16 ақпандағы N 20 шешімі. Қарағанды облысы Нұра ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 11 наурызда N 8-14-169 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 17 сессиясының 2013 жылғы 20 наурыздағы N 166 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 17 сессиясының 20.03.2013 N 166 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2012.10.04 N 120 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7 бабының 3 тармағының 4) тармақшасына, 2009 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" (бұдан әрі – Ереже) Қаулысының 2 тармағына сәйкес аудандық мәслихат

ШЕШІМ

ЕТТИ:

1. Нұра ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2012 жылға арналған аудан бюджетінде қарастырылған сома көлемінде келесі әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын:

- 1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау - бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Нұра аудандық

мәслихатының 2012.10.04 N 120 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. 2012 жылғы Нұра ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұру үшін келген мамандарына тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау бюджеттік кредит турінде, маман мәлімдеген бір мың бес жұз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада өтініш келіп түскен күнінен бастап

Ұ С Ы Н Ы Л С Ы Н .

3. "Нұра ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесіне уәкілетті мекеме ретінде бекітілген Ережеге сәйкес ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексеру, қаржы қаражатының қажеттілігін есептеу және комиссияға қарау үшін жіберілсін.

4. Нұра аудандық мәслихатының 2011 жылғы 11 наурыздағы 34 сессиясының "2011 жылғы Нұра ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін кредит ұсыну туралы" N 327 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 8-14-142 болып тіркелген, "Нұра" газетінің 2011 жылғы 9 сәуірдегі N 15 (5203) санында жарияланған) және Нұра аудандық мәслихатының 2011 жылғы 21 қыркүйектегі 38 сессиясының "Нұра аудандық мәслихатының 2011 жылғы 11 наурыздағы 34 сессиясының "2011 жылғы Нұра ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін кредит ұсыну туралы" N 327 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" N 369 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 8-14-150 болып тіркелген, "Нұра" газетінің 2011 жылғы 5 қарашадағы N 45 (5231) санында жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Н. Сулейменов

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Б. Шайжанов

КЕЛІСІЛДІ:

*"Нұра ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекеменің бастығы

M. C. Мұхамеджанова*

20 ақпан 2012 жыл

КЕЛІСІЛДІ:

"Нұра ауданының қаржы
бөлімі" мемлекеттік
менеджментін бастығы
----- X. A. Беков

20 ақпан 2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК